Рецензия

зарубежного ученого – члена временного состава диссертационного совета Казахского национального университета имени аль-Фараби по направлению подготовки кадров 8D023 – Языки и литература: образовательная программа «8D02307 – Казахская филология» на диссертационную работу Рамазанова Талгата Бекбулатовича «Лингвокультурные особенности диалога в художественном тексте» / «Көркем мәтіндегі диалогтың лингвомәдени ерекшеліктері», представленную на соискание степени доктора философии (PhD) по специальности 6D02307 – Казахская филология.

Приступая к первому параметру измерения значимости диссертации, а именно – её *актуальности для современной науки*, начну с того, что в общем обоснование Талгата Бекбулатовича (С. 3-4 дисс.) не вызывает у меня принципиальных возражений. В целом, содержание рецензируемого исследования демонстрирует понимание её автором роли субъективного начала в человеке. Различные формы чувственного восприятия и отражения, эмоций и интуиции, и в целом «духа» народа, заключенные в *диалогической форме – первичной по происхождению форме речи – обладают ярко выраженной социальной направленностью и служат потребностям непосредственного живого общения.*

Общеизвестный факт, что преемственность в науке – одно из важных положений для исследовательской работы. В рецензируемой диссертации достаточно отсылок на труды зарубежных и российских ученых, развивавших теорию этнолингвистического детерминизма, которая является одной из основополагающих для исследований по выбранной Талгатом Бекбулатовичем теме. На мой взгляд, в теоретико-методологическом обосновании своего исследовательского маршрута диссертант основной точкой отсчета считает идеи В. фон Гумбольдта, обосновывающие этно-детерминирующую силу языка. Размышления немецкого ученого не появилось на пустом месте. Понимание специфики устройства языка как формы человеческого духа ранее встречается в трудах И.В. Гердера, Ф. Шлейермахера и др., на основе которых сформировалось гумбольдтовское энергетическое понимание природы языка как деятельностной и рестриктивной силы, понуждающей человека на осуществление мыслительного процесса в сфере родного языка, даже при коммуникации даже на другом языке. Приверженность человека этническому языку обусловливается, по Гумбольдту, воплощением народного духа во внутренней форме слова, представляющей собой особое мировидение народа, говорящего на данном языке. Это понимание развивалось К. Фосслером, Бодуэном де Куртенэ и Л. Вайсгербером, трансформировавшем идею внутренней формы лексических единиц в понятие языковой картины мира. Затем материал бесписьменных северо-американских языков подвел Э. Сепира и Б. Уорфа к гипотезе лингвистической относительности знаний человека о мире в силу этноязыковой специфики мировосприятия.

Позже прямые и косвенные последователи В. Гумбольдта сделали акцент в рассмотрении проблемы соотношения языка и мышления на динамичном аспекте языка, как силы, воздействующей на процесс отражения в сознании окружающего мира. Критический анализ (Ю.Д. Апресян, Б.А. Серебренников Б.А. и др.) мировоззренческого и гносеологического аспектов гипотезы Л. Вайсгербера и лингвистической относительности, отодвинувший на задний план факт возможности рассмотрения языковых средств как детерминантов определенного действия или порядка его осуществления, в т.ч. при формировании поэтического мира – художественной литературы, получил свое системное осмысление в концепции Г.П. Мельникова. С позиций системного подхода к языку, любая форма деятельности и, прежде всего, речевая, не только вынуждена протекать в русле этнического языка, но в силу определенных причин детерминируется им в коммуникативном акте или построении поэтического мира (прозы, поэзии). Таким образом, в филологической науке возник и стал решаться вопрос об обосновании энергетических свойств языка в теории *этнолингвистического детерминизма* (*См.*: Н.Д. Голев, В.Б. Медведев и др.). Они отчетливо проявляются в коммуникационных актах не только в этническом логосе, в том числе диалоге, но даже на приобретенном языке. Язык в его отношении к миру – это не только форма отражения мира, средство его познания, форма знания о мире, но и форма человеческого духа, форма поведения человека в мире, в частности, выражаемая в диалогах. На мой взгляд, именно это признанное в науке о языке положение развивает автор рецензируемого исследования. «Тіл озінің шынайы болмасын карым-катынас барысында, диалогта табады». (*См.:* С. 3-4 дисс.).

Новизна исследования определяется перспективами верификации

- положения об этническом своеобразии энергии родного языка, способного проявлять себя в константном присутствии в речевом продукте;
- предложенной диссертантом классификации* диалогов в казахоязычных текстах (метапознавательные, этнопознавательные и диалогические размышления в отношении творчества Абая);
- типов* диалогов в зависимости от гендерных факторов и использования инвективной лексики в речевой культуре персонажей в различных эмоциональных ситуациях;
- диалогических характеристик национальных невербальных средств и предложенной моделью;
- а также рассмотрения диалога в исторических произведениях с целью выявления языковой личности писателя.

Достоверность результатов диссертации подтверждается наличием и объёмом отобранного материала и последующей, последовательной аналитикой. Количество художественных текстов, из которых извлекались диалогические формы коммуникации, составляет 46 произведений казахских писателей (с. 232-233 дисс.).

Степень обоснованности научных положений, выводов и рекомендаций, сформулированных в диссертации. Аналитика предшествующего теоретико-методологического опыта по выбранной теме, изложенная диссертантом (с. 9-142 дисс.), структурирована и логична. Выводы по первым двум главам (*См.:* с.65-67; с. 142-144 дисс.) являются тому доказательством. Степень обоснованности основных положений, выносимых на защиту (с. 6-7 дисс.), релевантна последовательной аргументации в ходе описания всех 3-х этапов исследования и принципиальных возражений не вызывает.

Также степень достоверности полученных выводов и положений обусловливается использованием вполне соответствующих целям и задачам методов при работе с аналитическим материалом, эмпирическими данными. Сформулированные после каждой главы выводы, а также основная резюмирующая часть проведенного исследования (с.218-222) дисс.) релевантны содержанию 3-х глав.

Структура диссертационного исследования традиционная; она состоит из вводной части, 3-х глав, выводов по каждой главе, общего заключения, списка использованной литературы (192 источника), а также 46 источников – произведений исторической художественной литературы (*См.:* с. 222-233 дисс.).

Оценивая *теоретическую значимость* рецензируемого исследования, отмечу, что полученные диссертантом результаты и выводы вносят вклад в казахскую филологическую науку, в частности – в аспекте текстоведения, речевых актов, дискурса, теории диалога, лингвистического анализа художественного текста, относящегося к исторической национальной литературе, коммуникативную лингвистику и общую теорию коммуникации. Выводы и основные результаты исследования, как и отдельные рассуждения Талгата Бекбулатовича могут быть использованы для дальнейшей верификации положения о том, что коммуникативно-прагматический потенциал художественного текста отражает языковой портрет, языковую личность его автора.

Прикладная значимость проведенного исследования не вызывает сомнений. Материалы диссертации, в частности – большой объем привлеченных к анализу диалогов представляет научную ценность для специалистов, работающих над созданием национального корпуса казахского языка, а также и современного поэтического корпуса (проза и поэзия). Вводимое Талгатом Бекбулатовичем знание, преломленное через его собственное понимание, актуально для ряда дисциплин филологического цикла, в том числе для изучения лингвистического анализа художественного текста, выявления эстетических функций языка в отношении к миру внешних явлений, к внутреннему миру человека, к обществу. *Практическая реализация* материала видится в перспективе создания различных учебных и учебно-методических разработок для лингводидактичских и лингвопедагогических целей.

Таким образом, полагаю, что прикладной параметр измерения значимости диссертации не вызывает сомнений; в научный оборот введены не

подвергавшиеся ранее изучению материалы. Талгат Бекбулатович вносит свою лепту в решение актуальной задачи, обусловленной антропоцентрическим поворотом в науке перед всеми частными филологиями. Я имею в виду задачу исследования языка вообще и отдельных языков в частности, которая преследует цель «познания человека на разных ступенях его культурного развития» (В. Гумбольдт).

Подтверждение достаточной полноты опубликования основных положений, результатов и выводов диссертации. Материалы исследования и промежуточные основные выводы были опубликованы в рецензируемых научных изданиях, из них включенных в список Комитета по обеспечению качества науки и высшего образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, а также в сборниках международных научно-теоретических конференций. В совокупности по теме исследования опубликовано 7 научных работ, что вполне удовлетворяет требованиям допуска к официальным защитам.

Замечания по работе. Обозначение основных параметров измерения ценности проведенного исследования позволяет расценивать его как законченный научный труд, который по проделанной научно-творческой работе, вполне готов к официальной защите. Но поскольку двух людей с одинаковым интеллектуальным багажом не бывает в природе, мое знакомство с содержанием диссертации сопровождалось возникновением ряда вопросов, в целом носящих дискуссионный характер:

1) В процессе знакомства с диссертацией обнаружилось ссылка на работу немецкого мыслителя, всемирно известного философа Мартина Хайдеггера «Культура русской речи и эффективность общения» (М. 2011. 369 с.), неизвестная мне. На стр. 27 дисс. обнаруживается следующая фраза: «М. Хайдеггерді пікір нше «тек диалогта ғана тілдің, бар болмасы толық ашылады» [60, 73]. На стр. 225 дисс. в Списке использованной литературы под номером 60 обозначен именно немецкий автор, как написавший работу по культуре русской речи». Мои поиски этой работы не увенчались успехом. Хотелось бы выяснить о какой работе идет речь? Не приписана ли книга русского автора немецкому мыслителю? Или это только мое интеллектуальное невежество?

2) Факт многообразной соотнесенности художественных текстов с различными сферами практической и духовной жизни людей бесспорен, и эта соотнесенность придает поэтическому миру внеэстетическую, социокультурную значимость, обусловливает ее важную роль в общественных дискуссиях и в теоретических поисках гуманитарного знания. Не планируется ли в перспективе изучение новейшей казахской литературы, представленной молодым поколением казахских писателей?

3) Как представляется, степень достоверности и новизны рецензируемого исследования увеличилась бы в случае подсчета (своего рода лингвостатистики) всех примеров, извлеченных из художественного наследия

казахских классиков, что в свою очередь было бы доказательной аргументацией реально проведенной диссертантом работы. Кропотливый поиск и обор Талгата Бекбулатовича не получил своего количественного описания в вводной части исследования.

4) Технические оформление вполне допустимое к официальной защите. Некоторые оплошности (как, например, в слове «функционалдык» на стр. 22) не уменьшают общего положительного впечатления.

Суммируя эту часть отзыва, напомню, что все высказанное носит характер уточняющий и дискуссионный. Сама собой разумеется, что все они не влияют на общую положительную оценку диссертационной работы.

Предъявление к допуску на публичную защиту. Теоретические и практические выводы, а также опубликованные работы показывают докторанта как профессионально-образованного, целенаправленно решавшего цели и задачи по теме выбранного исследования. Рамазанов Талгат Бекбулатович выполнил научное исследование, обладающее новаторством, теоретической и практической значимостью по направлению подготовки кадров 8D023 – Языки и литература: по образовательной программе «8D02307 – Казахская филология».

Диссертационная работа на тему «Көркем мәтіндегі диалогтың лингвомәдени ерекшеліктері» / Лингвокультурные особенности диалога в художественном тексте» является законченным исследованием на актуальную тему, соответствует требованиям, предъявляемым к такого рода научным трудам.

Рецензия дана с целью прохождения Рамазановым Талгатом Бекбулатовичем процедуры открытой защиты на заседании диссертационном совете Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Рецензент:
Бахтикиреева Улданай Максутовна,
доктор филологических наук, профессор,
профессор кафедры русского языка
и межкультурной коммуникации
Российского университета дружбы народов имени Патриса Лумумбы, Москва, Российская Федерация

Подпись профессора У.М. Бахтикиреевой заверяю
Ученый секретарь ИРЯ РУДН

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 8D023 – Тілдер және әдебиет бағыты бойынша кадрларды даярлау: «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасының докторанты Рамазанов Талғат Бекбулатовичтің философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Көркем мәтіндегі диалогтің лингвомәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңестің уақытша мүшесі, шетелдік ғалымның жазбаша ресми

ПІКІРІ

Диссертацияның маңыздылығын өлшеудің алғашқы параметрі – оның қазіргі ғылым үшін өзектілігіне көшпес бұрын, Талғат Бекболатұлының жалпы негіздемесіне (дисс., 3-4 б.) түбегейлі қарсылығым жоқ екенін атап өткім келеді. Жалпы, рецензияланып отырған зерттеу мазмұны оның авторының адамдағы субъективті бастаудың рөліне деген түсінігін көрсетеді. Сезімдік қабылдау мен бейнелеудің әртүрлі түрлері, эмоциялар мен интуиция, сондай-ақ халықтың «рухын» бейнелейтін элементтер *диалогтік формада – сөйлеудің шығу тегі бойынша бастапқы формасында – анық әлеуметтік бағытқа ие және тікелей тірі қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыруға қызмет етеді.*

Ғылымдағы сабақтастық – зерттеу жұмысы үшін маңызды қағидалардың бірі екені жалпыға мәлім. Рецензияланған диссертацияда Талғат Бекболатұлы таңдаған тақырып бойынша зерттеуге негіз болатын этнолингвистикалық детерминизм теориясын дамытқан шетелдік және ресейлік ғалымдардың еңбектеріне сілтемелер жеткілікті. Меніңше, диссертант өзінің зерттеу жолын теориялық және әдістемелік тұрғыдан негіздеуде тілдің этно-детерминистік күшін негіздейтін В. фон Гумбольдттың ой-пікірлерін зерттеуіндегі бастапқы нүкте деп санайды. Неміс ғалымының бұл ойлары кенеттен пайда болмаған. Адам рухының формасы ретіндегі тіл құрылымының ерекшеліктерін түсіну бұрын И.В. Гердер мен Ф. Шлейермахер сияқты ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Олардың негізінде Гумбольдттың тіл табиғатын энергетикалық тұрғыдан түсінуі қалыптасты, бұл тілдің белсенді және шектеуші күш ретінде адамның ойлау үдерісін өз ана тілінде жүзеге асыруға мәжбүрлейтіндігін көрсетеді, тіпті ол басқа тілде қарым-қатынас жасаса да. Гумбольдттың пікірінше, адамның этникалық тілге деген адалдығы сол тілде сөйлейтін халықтың ерекше дүниетанымын білдіретін сөздің ішкі формасындағы ұлттық рухтың бейнеленуіне байланысты болады. Бұл түсінікті К.Вослер, Бодуэн де Куртене және Л.Вайсгербер дамытып, лексикалық бірліктердің ішкі формасы туралы идеяны «ғаламның тілдік бейнесі» ұғымына айналдырды. Одан кейін Солтүстік Американың жазуы жоқ тілдерінің материалы Э.Сапир мен Б.Уорфты дүниені қабылдаудың этнолингвистикалық ерекшелігіне байланысты адамның дүние туралы білімінің лингвистикалық салыстырмалылығы туралы гипотезаға әкелді.

Кейін В. Гумбольдтың тікелей және жанама ізбасарлары тіл мен ойлау арасындағы байланысты зерттеуде тілдің динамикалық аспектіне – қоршаған

әлемнің санада бейнеленуіне әсер етуші күш ретіндегі рөліне ерекше назар аударды. Л.Вайсгербер гипотезасы мен лингвистикалық салыстырмалылықтың дүниетанымдық және эпистемологиялық аспектілерін сыни талдау (Ю. Д. Апресян, Б. А. Серебренников Б. А. және т. б.) Мельников тұжырымдамасында жүйелі түрде пайымдалды. Ол тілдік құралдарды белгілі бір іс-әрекеттің немесе оны жүзеге асыру тәртібінің детерминанттары ретінде, соның ішінде поэтикалық әлем – көркем әдебиетті қалыптастыру кезінде қарастыру мүмкіндігі туралы фактіні кейінге ығыстырып тастады. Жүйелі тілтаным тұрғысынан алғанда, кез келген әрекет түрі, ең алдымен, сөйлеу әрекеті, этникалық тіл арнасында ғана жүзеге асырылып қоймай, сондай-ақ белгілі бір себептермен сол тіл арқылы коммуникативтік актілерде немесе поэтикалық әлем (проза, поэзия) құрылысында анықталады. Осылайша, филологиялық ғылымда тілдің энергетикалық қасиеттерін этнолингвистикалық детерминизм теориясы аясында негіздеу мәселесі туындап, шешіле бастады (Қараңыз: Н.Д. Голев, В.Б. Медведев және басқалар). Бұл ерекшеліктер тек этникалық логос немесе диалогте қана емес, тіпті меңгерілген тілде де коммуникациялық актілер арқылы айқын көрініс табады. Тілдің әлеммен байланысы – бұл тек әлемнің бейнелену формасы немесе оны тану құралы, әлем туралы білімнің түрі ғана емес, сонымен қатар адам рухының формасы және диалогтер арқылы көрінетін адамның әлемдегі мінез-құлқының формасы. Меніңше, тіл ғылымында мойындалған дәл осы ұстанымды рецензияланып отырған зерттеудің авторы әрі қарай жетілдіруде. «Тіл өзінің шынайы болмысын қарым-қатынас барысында, диалогте табады» (Қараңыз: дисс. 3-4 б.).

Зерттеудің жаңашылдығы верификациялау перспективаларымен анықталады:

- сөйлеу өніміне тұрақты түрде қатысып, өзін көрсетуге қабілетті ана тілі энергиясының этникалық өзгешелігі туралы ереже;
- диссертант ұсынған қазақтілді мәтіндердегі диалогтердің жіктелуі (Абай шығармашылығына қатысты метатанымдық, этнотанымдық және диалогтік ойтолғамдар);
- гендерлік факторларға байланысты диалог түрлері және әр түрлі эмоционалды жағдайларда кейіпкерлердің сөйлеу мәдениетінде инвективті лексиканы қолдану;
- ұлттық вербалды емес құралдардың диалогтік сипаттамалары және ұсынылған модель;
- сондай-ақ, жазушының тілдік тұлғасын анықтау мақсатында тарихи шығармалардағы диалогтерді қарастыру.

Диссертация нәтижелерінің шынайылығы таңдалған материалдың көлемі мен мазмұны және кейінгі жүйелі талдау арқылы расталады. Коммуникацияның диалогтік формалары алынған әдеби мәтіндер саны – қазақ жазушыларының 46 шығармасы (дисс., 232-233 б.).

Диссертацияда қалыптастырылған ғылыми тұжырымдардың, қорытындылар мен ұсыныстардың негізділік деңгейі. Диссертант ұсынған зерттеу тақырыбы бойынша алдынғы теориялық-методологиялық тәжірибенің

талдауы (дисс., 9-142 б.) құрылымдық жағынан жүйелі әрі қисынды болып табылады. Бірінші және екінші тараулардың қорытындылары (Қараңыз: дисс., 65-67 б.; 142-144 б.) осының дәлелі болып табылады. Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдардың (дисс., 6-7 б.) негізділігі зерттеудің барлық үш кезеңін сипаттау барысындағы дәйекті аргументацияға сәйкес келеді және түбегейлі қарсылық тудырмайды.

Сонымен қатар, алынған тұжырымдар мен ғылыми қағидалардың шынайылық деңгейі аналитикалық материалдармен және эмпирикалық деректермен жұмыс істеуде зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келетін әдістерді қолдану арқылы қамтамасыз етіледі. Әр тараудан кейін жасалған қорытындылар мен зерттеудің негізгі жинақтаушы бөлімі (дисс., 218-222 б.) үш тараудың мазмұнына сай келеді.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы дәстүрлі сипатқа ие; ол кіріспеден, 3 тараудан, әр тарау бойынша жасалған қорытындылардан, жалпы қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен (192 дереккөз), сондай-ақ тарихи көркем әдебиетке жататын 46 шығармадан тұрады (Қараңыз: дисс., 222-233 б.).

Рецензияланып отырған зерттеудің *теориялық маңыздылығын* бағалай отырып, диссертанттың алынған нәтижелері мен қорытындылары қазақ филологиясы ғылымына, атап айтқанда, мәтінтану, сөйлеу актілері, дискурс, диалог теориясы, көркем мәтіннің, соның ішінде тарихи ұлттық әдебиетке жататын шығармалардың лингвистикалық талдауы, коммуникативтік лингвистика және жалпы коммуникация теориясы салаларына үлес қосатынын атап өту қажет. Зерттеудің қорытындылары мен негізгі нәтижелері, сондай-ақ Талғат Бекболатұлының жеке тұжырымдары көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті оның авторының тілдік бейнесін, тілдік тұлғасын бейнелейтінін растайтын тұжырымды әрі қарай верификациялауға пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеудің қолданбалы маңыздылығы күмән тудырмайды. Диссертация материалдары, әсіресе, талдауға тартылған диалогтердің көлемі ұлттық қазақ тілі корпусы мен заманауи поэтикалық корпусын (проза мен поэзия) жасауға жұмыс істейтін мамандар үшін ғылыми құндылыққа ие. Талғат Бекболатұлы енгізген және оның өзіндік түсінігі арқылы қалыптасқан білім филология циклындағы бірқатар пәндер үшін, соның ішінде көркем мәтіннің лингвистикалық талдауы, тілдің сыртқы әлем құбылыстарына, адамның ішкі әлеміне және қоғамға қатысты эстетикалық функцияларын анықтау сияқты пәндер үшін өзекті болып табылады.

Зерттеу материалының *практикалық тұрғыдан іске асырылуы* лингводидактикалық және лингвопедагогикалық мақсаттарға арналған түрлі оқу және оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу перспективасынан көрінеді.

Осылайша, диссертацияның маңыздылығын өлшеудің қолданбалы параметрі күмән туғызбайды деп санаймын; ғылыми айналымға бұған дейін зерттелмеген материалдар енгізілді. Талғат Бекболатұлы барлық жеке филологиялар алдында тұрған антропоөзектік бағыттың өзектілігімен шартталған маңызды мәселені шешуге өз үлесін қосуда. Мұнда мен жалпы тіл

және жекелеген тілдерді зерттеу міндетін айтып отырмын, оның мақсаты – «адамды оның мәдени дамуының әртүрлі сатысында тану» (В. Гумбольдт).

Диссертацияның негізгі тұжырымдары, нәтижелері мен қорытындыларының жеткілікті деңгейде жариялағанын растау. Зерттеу материалдары мен аралық негізгі қорытындылар рецензияланатын ғылыми басылымдарда, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитетінің тізіміне енгізілген басылымдарда, сондай-ақ халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар жинақтарында жарияланды. Зерттеу тақырыбы бойынша барлығы 7 ғылыми мақала жарық көрген, бұл ресми қорғауға жіберу талаптарына толық сәйкес келеді.

Жұмысқа қатысты ескертулер. Зерттеудің құндылығын бағалауға арналған негізгі параметрлерді анықтау оны аяқталған ғылыми еңбек ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, және атқарылған ғылыми-шығармашылық жұмыс негізінде ресми қорғауға толық дайын деп айтуға болады. Алайда, табиғатта интеллектуалдық әлеуеті бірдей екі адам болмайтынын ескере отырып, диссертация мазмұнымен танысу барысында, жалпы алғанда, талқылауға лайық бірқатар сұрақтар туындады:

1) Диссертациямен танысу барысында неміс ойшылы, әлемге әйгілі философ Мартин Хайдеггердің «Орыс тілі мәдениеті мен қарым-қатынас тиімділігі» (М., 2011, 369 б.) атты еңбегіне сілтеме жасалғаны анықталды, ол маған белгісіз. Диссертацияның 27-бетінде келесі сөйлем кездеседі: «М. Хайдеггердің пікірі бойынша, "тек диалогте ғана тілдің бар болмысы толық ашылады" [60, 73]». Ал 225-беттегі пайдаланылған әдебиеттер тізімінде 60-шы нөмірмен орыс тілі мәдениеті бойынша кітап жазған неміс авторы ретінде көрсетілген. Мен бұл еңбекті таба алмадым. Орыс авторының кітабы неміс ойшылына тиесілі емес пе? Әлде бұл менің интеллектуалды надандығым ба?

2) Көркем мәтіндердің адамдардың практикалық және рухани өмірінің түрлі салаларымен көпқырлы байланысы күмәнсіз факт болып табылады. Бұл байланыс поэтикалық әлемге эстетикалық емес, социомәдени маңыздылық береді және оның қоғамдық пікірталастарда, сондай-ақ гуманитарлық білімнің теориялық ізденістерінде маңызды рөл атқаруына септігін тигізеді. Болашақта қазақ әдебиетінің жас буын жазушылары ұсынған қазіргі заманғы шығармаларын зерттеу жоспарланып отыр ма?

3) Қарастырылып отырған зерттеудің шынайылығы мен жаңашылдығының деңгейі қазақ классиктерінің көркем мұрасынан алынған барлық мысалдарды (өзіндік бір лингвостатистикалық талдау ретінде) есептеу арқылы артқан болар еді. Бұл диссертанттың нақты атқарған жұмысының дәлелі болар еді. Талғат Бекболатұлының мұқият ізденісі мен зерттеушілік еңбегі диссертацияның кіріспе бөлімінде сандық сипатта көрсетілмеген.

4) Техникалық рәсімделуі ресми қорғауға толықтай жарамды. Кейбір қателіктер (мысалы, 22-беттегі «функционалдық» сөзі) жалпы жағымды әсерді азайтпайды.

Бұл бөлімді қорытындылай келе, айтылғандардың бәрі нақтылаушы әрі пікірталас тудырушы сипатқа ие екенін еске саламын. Әрине, бұлардың ешқайсысы диссертациялық жұмыстың жалпы оң бағасына әсер етпейді.

Қорғауға жіберу туралы ұсыныс. Теориялық және практикалық қорытындылар, сондай-ақ жарияланған еңбектер докторанттың кәсіби білімділігін және таңдалған зерттеу тақырыбы бойынша мақсаттары мен міндеттерін жүйелі түрде шешкенін көрсетеді. Рамазанов Талғат Бекболатұлы «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша 8D023 – Тілдер және әдебиет мамандығы аясында жаңашылдыққа, теориялық және практикалық маңыздылыққа ие ғылыми зерттеу жұмысын орындады. «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасының докторанты Рамазанов Талғат Бекболатұлына философия (PhD) докторы дәрежесін беруді ұсынамын.

«Көркем мәтіндегі диалогтің лингвомәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс өзекті тақырыпқа арналған аяқталған зерттеу болып табылады және осындай ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Пікір Рамазанов Талғат Бекболатұлының әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңесінің мәжілісінде ашық қорғау рәсімінен өтуі үшін берілді.

Пікір беруші:
Бахтикиреева Ұлданай Мақсұтқызы,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Патрис Лумумба атындағы Халықтар достығы Ресей университетінің
орыс тілі және мәдениетаралық коммуникация кафедрасының профессоры,
Мәскеу, Ресей Федерациясы.

Профессор Ұ.М. Бахтикиреева қолы расталды

ИРЯ РУДН-ның ғалым хатшысы